

Издаётся с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

16 ноября
2022 года
СРЕДА
№ 91 (1484)



Будьте в курсе городских событий *Еще больше новостей* Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в sarangazeti sarangazeti

20 қараша
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Әр азаматтың
дауысы маңызды!

20 ноябрь
2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Важно голос
каждого!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



«ТІЛ ҮЙРЕТУ – ТІЛ ҮЙРЕНУДЕН ДЕ ҚИЫН»...

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

АВТОРЫ МАҒАН БЕЙМӘЛІМ БІР ӘНДЕ АЙТЫЛҒАНДАЙ, «БҮЙТУ КЕРЕК ЕД, СУЙТУ КЕРЕК ЕД» ДЕП СЫРТТАН ТОН ПШЕТІН АҚЫЛМАНДАРҒА ТІЛ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ СЫН-ПІКІРЛЕРДІ АЙТУ ОҢАЙ ӘРИНЕ. ШЫН МӘНІСІНДЕ ТІЛ ҮЙРЕТУ – ТІЛ ҮЙРЕНУДЕН ДЕ ҚИЫН ЕКЕНІН КӨБІМІЗ БІЛЕ ДЕ БЕРМЕЙМІЗ.



Ал тіл үйретудегі, оқытудағы һәм оны насихаттау барысындағы барлық ауыртпашылық пен жауапкершілік жүгі тек тіл мамандарының, оқыту орталықтары әдіскерлерінің, қарапайым мұғалімдердің және де әлбетте ғалымдарымыздың мойнына артылып жататыны анық. Сондықтан, тілге қызмет етіп жүрген барлық жандардың да еңбегі – ұшан-теңіз десек, артық айтпаған боламыз.

Осы ана тіліміздің абыройын асқататып, мәртебесін арттыру, аудиториясын кеңейту және насихаттау мақсатында біздің Саран шаһарында да көптеген тындырымды істер атқарылуда. Әлбетте олардың басы-қасында Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен қалалық тілдерді дамыту орталығы тұр. Олар ұйымдастырып жүрген іс-шаралардың дені Тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан жайы бар.

Сондай тағылымды шаралардың бірі өткен аптада 100 жылдық тарихы бар Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінде ұйымдастырылған болатын. Атап

айтқанда, қараша айының 11 жұлдызында қара шаңырақта Саран қаласы тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Тілдерді оқыту: әдіс, тәжірибе, инновация» атты қалалық семинар өтті.

Жаңа форматтағы жаңашыл семинарға Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ақпараттық технологиялар басқармасының басшысы Мөлдір Бақытқызы, академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, «Құрмет» орденінің иегері, ТМД-ның үздік педагогы, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері Қағазбаев Жаңбырбай Ахметұлы, Саран қаласы тілдерді дамыту орталығының оқытушысы Динара Жүпенова, СЖГТК оқытушылары мен студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.

Аға буын һәм жас буын ғалымдардың дара ойы және әдіскерлердің оқытудағы жаңа әдістемелік болжамы мен ақиқатын бір арнаға тоғыстырған семинар шымалдығын колледждің Қазақ бөлімінің меңгерушісі Күнеділова Ақмарал Дәріғұлқызы түрді.

(ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ)

ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС АУЫЛЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді. Сайлауға қатысу – айқын азаматтық ұстаным және бұл біздің ортақ парызымыз. Осылайша біз өңіріміздің және қаламыздың өміріне белсене араласамыз. Біз осы жерде тұрамыз, балаларымыз бен немерелеріміз де осы жерде тұрады және біз олар үшін ең жақсы өмірді таңдауға мүдделіміз.

Біз болашақты таңдаймыз, біз бірлік пен келісімді, тұрақтылық пен қауіпсіздікті, даму мен өркендеуді таңдаймыз.

Келіңіз де өз таңдауыңызды жасаңыз. Өркімнің дауысы маңызды!

Қ. Омаров,
қалалық сайлау комиссиясының төрағасы

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АКТАС!

20 ноября 2022 года состоится Выборы Президента Республики Казахстан. Участие в выборах - это четкая гражданская позиция и это наш общий долг. Таким образом мы участвуем в жизни своего региона и города. Здесь мы живем, здесь живут наши дети и внуки, и для них мы выбираем лучшую жизнь.

Мы выбираем будущее, мы выбираем единство и согласие, стабильность и безопасность, развитие и процветание.

Приходите и сделайте свой выбор. Важно голос каждого!

К. Омаров,
председатель городской избирательной комиссии

ОБРАЗОВАНИЕ

РАЗВИВАЕМ ТВОРЧЕСКОЕ ВООБРАЖЕНИЕ

Надежда ЦХАЙ

Фото из архива Ю. Сулимовой

Во время осенних каникул для ребят, посещающих кукольный кружок «Шабьт» Детско – молодежного центра «Дом Дружбы» была организована серия мастер – классов под руководством педагога Ю. Сулимовой. В ходе проведенных мастер – классов – интересных, увлекательных, которые стали настоящим открытием для детей, создавались куклы и декорации из подручного материала. Так, благодаря чуткому руководству педагога ребята научились делать куклу из носка, используя для деталей бросовый материал. А при создании декораций, ученики познакомились с техникой папье-маше.



Отмечается, что такие мероприятия способствуют воспитанию творческих навыков у ребят, развитию мышления и мелкой моторики, активизации воображения, а также позволяют применять полученные знания и навыки на практике.

ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Саран қаласының әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша апта сайын жұма күндері сағат 15.00-ден алдын ала жазылу бойынша қабылдайды (жазылу «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де 104 каб. немесе 7-40-16 телефоны бойынша сағат 18.00-ге дейін жүргізіледі).

Қабылдау әкімдік ғимаратында онлайн-режимде, ZOOM бағдарламасы арқылы өтеді.
«Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АКТАС!

Акима города Сарани проводит прием граждан по личным вопросам еженедельно по пятницам с 15.00 часов по предварительной записи (запись осуществляется в ГУ «Аппарат акима города Сарани» каб. 104 или по телефону 7-40-16 до 18.00 часов). Прием проходит в здании акимата в онлайн-режиме, посредством программы ZOOM.

ГУ «Аппарат акима города Сарани»



«ТІЛ ҮЙРЕТУ – ТІЛ ҮЙРЕНУДЕН ДЕ ҚИЫН»...



(Басы 1-бетте)

«Өздеріңіз де білетіндей, биылғы жылдың желтоқсан айында біздің киелі қара шаңыраққа бір ғасыр толады. Бүгінгі «Тілдерді оқыту: әдіс, тәжірибе, инновация» атты семинарды біз осы оқу ордасының 100 жылдығы аясында өткізіп жатқан жайымыз бар. Ондағы мақсат – біздің колледж қабырғасында білім алып жатқан студенттерімізбен осындай ұлы тұлғалар өз білімдерімен, тәжірибелерімен бөліссін деген ой. Неге десеніздер, осы аудиторияда жиналған студенттердің көбісі «қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша білім алып жатқан жандар. Ертең олар колледж қабырғасынан түлеп ұшқанда, осы мамандық бойынша еңбек етіп, тілге қызмет ететін болады. Міне, сол кезде олар бүгін сіздерден, өз ұстаздарынан алған тәлім-тәжірибелерін жүзеге асырып, мемлекеттік тіл саясатының мүддесіне қызмет ететін білмей маман болмақ», - деді өз сөзінде қазақ бөлімінің меңгерушісі Ақмарал Дәріғұлқызы.

Одан әрмен тілдерді дамыту орталығының директоры Береке Жарылғапованың модераторлығымен өткен семинар барысында мемлекеттік тілдің қоғамның әр саласында қолданылу аясын кеңейту, ақпараттық кеңістікте мемлекеттік тілдің әлеуметтік мәртебесін арттыру, тілдерді оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар тақырыптары тілге тиек етілді.

Мәселен, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ақпараттық технологиялар басқармасының басшысы Мөлдір Бақытқызы «Қазақ тілін оқытудағы IT жобалар» турасында тілге тиек етсе, Саран қаласы тілдерді дамыту орталығының оқытушысы Динара Жүпенова «Тілдерді оқытуда қолданылатын заманауи технологиялар» тақырыбы бойынша тренинг өткізді. Ал Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері Жаңбырбай Қағазбаевтың дәрісі «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбына арналды.

«ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӨЗІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТІП ЖҮРМІЗ...»

Өз сөзін студенттік өмірінен бастаған Мөлдір Бақытқызы осындай колледж қабырғасында алған білімнің қаншалықты құнды болатындығын да тілге тиек ете кетті.

«Сіздер болашақ қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан да, еліміздегі қазіргі қазақ тілінің ахуалымен жақсы танысыңыздар деп ойлаймын. Жасыратыны жоқ, қазір біз өзгелерге емес, қазақтардың өзіне қазақ тілін үйретіп жүрген жайымыз бар. Ал енді болашақта осындай еліміздің азаматтары мен азаматшаларына

қазақ тілін үйрететін мына сіздерсіздер. Сондықтан да, сіздер мықты маман болсаңыздар, біздің қазақ тілінің дамуы, жетілуі, ел көлемінде таралуы оңайырақ болары сөзсіз. Яғни, болашақта әр қазақстандықтың қазақша сөйлей алуы – сіздер мен біздерге тікелей байланысты», - деген Мөлдір Бақытқызы Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының «Sozdiqor.kz» платформасы, қазақ тілін деңгейлі оқытуға арналған Tilqural.kz веб-сервис



қызметі, дұрыс жазуға көмекші құрал «Emle.kz» сайты мен терминологиялық қордың біріздендірілген жинағы «Termincom.kz» сайты туралы айтып берді.

Мәселен, бір ғана «Termincom.kz» сайты алайық.

Спикердің айтуынша, бұл сайт 2016 жылы құрылған екен. Сайттың ең негізгі қызметі қазақ немесе орыс тілдерінде енгізілген терминдерді автоматты түрде аударып береді. Одан бөлек, сайттан сіз өзіңізге қажетті терминнің қай салаға қатысты және қай жылы бекітілгені туралы ақпарат ала аласыз. Сонымен қатар, сізге телеграмм желісінде «Termincom.kz» сайтының ботын жүктеп алуға болады. Бұл әсіресе, смартфон қолданушыларына арналған өте ыңғайлы бот-канал.

Яғни, сіздің смартфоныңызда телеграмм бар болатын болса, телеграммның іздеу жолағына латын қарпінде Termincom.kz деп тересіз, бот-канал шыққаннан кейін оны ашып, ондағы шыққан «start» сөзін бассандықтан болғаны. Әрі қарай бот-каналдағы «сообщение» жолағына өзіңізге қажетті сөзді енгізесіз, ал бот-канал сіз енгізген сөздің аудармасын автоматты түрде смартфонның экранына шығарып береді. Былай қарасаңыз, өте қолайлы әрі пайдалы және баршаға қолжетімді дүние. Бар болғаны өзіңізбен бірге қалта

телефоныңыздың болуы және мобильді интернет желісіне қолжетімділіктің бар болуы. Ал аталмыш сайттан толыққанды қызмет алғыңыз келсе, компьютер немесе ноутбук арықшы сайттың толық нұсқасына өтуіңіз қажет.

Айтпақшы, «Sozdiqor.kz» платформасымен де жұмыс жасау реті осыған ұқсас. Бұл платформаның да телеграмм желісіндегі бот-каналы бар. Жүктеу, іске қосу, қызметін пайдалану тура жоғарыда келтірілген Termincom.kz платформасынкідей. Тек Sozdiqor.kz порталы - әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік беретін платформа. «Сөздіккор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің дефинициясын, синонимін, антонимін, омонимін, фразеологиялық тіркесте немесе сөйлем ішінде кездесуін бір бетте көруге болады.

ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ПЛАТФОРМАЛАР

Ал Саран қаласы тілдерді дамыту орталығының оқытушысы Динара Жүпенова: «Жаңа технология дегеніміз бұл күнделікті өміріміз десе де болады, тұрмысымызға дейін денден еніп кеткені соншалық, онсыз өзімізді

елестете де алмаймыз. Сондықтан, тіл үйрету және оқыту саласы бұдан іргесін аулақ сала алмайды. Керісінше, кеңінен пайдалана отырып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін аскақтата түсуіміз керек», - дейді.

Жедел қарқынмен дамып жатқан ғасырда осы мазмұндағы пікірмен келіспеу қиын. Жаңа технология тілін меңгеру заманның бұлжымас талабына айналғаны даусыз ақиқат.

Семинар барысында Динара Тәрбиеқызы «Wordwall», «Wizer.me», «Vokago» сынды платформаларды пайдалана отырып, қатысушылармен түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындатып шықты.

АБАЙДЫ БІЛМЕЙ, БАСҚАНЫ ОҚУҒА ХАҚЫҢ ЖОҚ...

Киелі қара шаңырақ ұлы Хәкімнің есімін арқалағаннан болар, келесі спикеріміз Жаңбырбай Ахметұлы сөзін Абайдан бастады. Академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, «Құрмет» орденінің иегері, ТМД-ның үздік педагогы, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері Жаңбырбай Қағазбаев ағамыз үш тілді жетік меңгерген жан болса керек-ті. Атап айтқанда, қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

«Англияның астанасы Лондонда Шекспир туралы лекция тындап отырмыз. Біз негізі Шекспирдің сонеттерін оқығаннан кейін оның шығармаларымен жақсы таныс едік. Десекте әлгі дәріс оқып жатқан профессор Шекспир туралы керемек әңгімелер айтып жатты. Содан маған мына профессор біздің Абай туралы біле ме екен өзі, соны сұрап көрсем қалай болар еді деген ой келді. Бірақ Абайды білесіз бе деп тікелей сұрауға батылым бармай тұр, себебі «ЖОҚ» деген жауапты естігім келіп тұрған жоқ. Сосын бұл кісі Абайды білмесе де, Пушкинді білетін шығар. Себебі Александр Сергеевич Пушкинді бүкіл әлем таниды ғой. Өйткені ол орыс әдебиетінің негізін қалаушы, пірі, былайша айтқанда ол орыстың Шекспирі.

Сосын әлгі профессорға «Құрметті профессор, Пушкинге қалай қарайсыз, ол туралы не білесіз?» деп сұрақ қойдым.

Профессор маған қарады да, «Сіз қай жақтансыз?» деді. Мен «Қазақстаннанмын» дедім. Сосын ол кісі менің өзіме қайтара қарсы сұрақ қойып, «Ал сіздерде біздегі сияқты Шекспир барма?» деді. Менің де естігім кеп тұрғаны осы еді ғой. Қуанып кеттім де, «Иә, әрине бар. Абай!» дедім. Сондағы профессордың маған берген жауабын қараңыздар.

«Аааа, онда сіз алдымен Абайды танып, біліп алыңыз. Сонан кейін Пушкинді оқысың ба, Шекспирді оқысың ба, оны өзіңіз білесіз. Бірақ Абайды білмей, басқаны оқуға хақыңыз жоқ» деді профессор. Мұндағы айтпағым не сіздерге. Айтқым келіп тұрғаны - біздің Шекспир секілді әлем таныған өз ұлы тұлғамыз бар. Ол - Абай. Әрине, Шекспир бөлек, ал Абай мүлдем бөлек тұлға. Сондықтан, сіздер мен біздер бірінші Абайды танып, біліп, өзімізге керек дүниені сол Абайдан үйренуіміз керек.

Ертең сіз осы оқу орнын аяқтағаннан кейін, мен Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің түлегімін деп ауыз толтырып айтатын боласыздар. Сол себепті де мен сіздерге әуелі Абай туралы айтып берсем деп отырмын», - деді Жаңбырбай Ахметұлы өз сөзін бастап тұрып.

Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті жастарға қазіргі таңда еліміздің болашағы үшін жаңа идеялар мен тың жобалар туралы нақтылап айтып өтті. Сонымен қатар, қазақтың Ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өлең шумақтарын келтіре отырып, оның әрбір жыр шумағы жастарға ақыл-кеңес, жол көрсетер бағыт және болашаққа қадам бастауға ең қажетті сөздер екенін насихаттады.

Бұдан бөлек, Жаңбырбай Ахметұлы қыз баланың тәлім-тәрбиесі, ер азаматтарға деген сыйластық, патриотизм, ұлттық құндылықтар, тектілік сынды тақырыптарды қозғап, жақсы әйел мен жаман әйел, жақсы еркек пен жаман еркектің ара-жігін ажыратты, жастардың рухы мен отансүйгіштік сезімін оятқан сүбелі сұхбат, рухани әңгіме өрбитті.

Ал қайта келмейтін сәттердегі қайталанбас рухани кездесу кешін Жаңбырбай Ахметұлы «Мен лаулап жанбасам, Сен лаулап жанбасаң, Біз лаулап жанбасам, Бұлтты аспан қалай ашылмақ. Мен енді, ешқашанда, бодандыққа көнбеймін, Жұдырықтай жұмылып, Көк байрақтың астында, Бір кісідей сап түзеп, Күн сөнгенше сөнбеймін!», - деген рухты ұранмен қорытындылады.

ҚАЛТАНЫ ҚАҚПАЙТЫН, ШЫҒЫНДЫ АҚТАЙТЫН САУДА



Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретті түсірген автор

АТ ІЗІН СУЫТПАЙ САРАНДА ТАҒЫ ДА АРЗАН БАҒАМЕН ӨНІМ САТЫЛДЫ. ЖӘРМӨҢКЕ ШАҒАРДАҒЫ ЖАМБЫЛ КӨШЕСІ БОЙЫНДА ОРНАЛАСҚАН СПОРТ МЕКТЕБІ МАҢЫНДАҒЫ АЛАНДА ӨТТІ. ТАҢСӘРІДЕН ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАП КЕТКЕН КӘСІПКЕРЛЕР БҰЛ ЖОЛЫ ДА ТҮТУНЫШЫНЫ САПАЛЫ ӨНІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ.



Онда Қарағанды облысының тауар өндірушілері, атап айтқанда, Саран, Шахнинск, Қарағанды қалалары мен Жаңаарқа, Абай, Қарқаралы аудандарының кәсіпкерлері шаһар жұртшылығына жеміс-жидек, көкөніс өнімдерінен бөлек ет, жұмыртқа, сүт өнімдері, балдың әртүрлі сорттары, балық, ысталған ет және деликатесер сынды өз тауарларын ұсынды. Әр жерден келген шаруашылық иелері өнімдерін нарық бағасынан 15-20% төмен бағамен саудалады.

Тұрғындар да «жәрмеңке өтеді» дегенді ести сала буынып-түйініп, күні бұрын дайындалып, машықтанған сынайлы. Ауа-райының нашарлауына қарамастан күн ұясынан көтерілісімен сарандықтар жәрмеңкеден табылды.

Қала тұрғындары мен қонақтары көптеген азық-түлік пен киім түрлерін барынша қолайлы бағаға сатып алуға мүмкіндік алды. Халық ет, көкөністер, жұмыртқа, шай сияқты өнімдерді және қысқы, жылы киімдерді тұтынды.

«Қарқаралы, Абай, Бұқар-жырау, Ақтоғай аудандарынан ат басын терлетіп келген шаруашылық иелері өз өнімдерін сатуда. Мәселен, осы жәрмеңкеге бір ғана Қарқаралы ауданының өзінен 6 тоннадан астам ет өнімі әкелінді. Ал Абай ауданы қала жұрттына жеміс-жидек, көкөністер ұсынып жатса, басқа қалалар мен аудандар жұмыртқа, сүт өнімдері, бал, балық, ысталған ет және деликатес



сынды өз тауарларын әкеп сатып жатқан жайы бар», - деді Саран қаласының ауыл шаруашылық, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Дастан Арншев.

Сауда таңсәріден қызу басталып, ұзын-сонар кезек қалыптасты. Саудаға түскен тауар арзан бағамен сатылды. Ауылдардан артынып, тартынып келген тауар өндірушілер тұтынушыларға қолайлы баға ұсынды. Кәсіпкерлердің айтуынша, олардың тауарларының бағасы қарапайым дүкендерге қарағанда орта есеппен 15-20% - ға төмен. Бұл - қажет нәрсенің бәрін ұзақ мерзімге тиімді жолмен сатып алуға жақсы мүмкіндік. Азық - түлік жеткілікті көлемде сатылды.

Жәрмеңкеде көкөністер мен жемістердің өзі ғана жеті тоннаға жуық еді. Шұжық, ірімшік, май, бал және т.б. өнімдерді әкелушілердің тауарлары да шамалас мөлшерде болды. Әсіресе, қыс жақындағандықтан да жұрттың ет өнімдеріне деген сұранысы арта түскен.

Қалтаны қақпайтын, шығынды ақтайтын сауданың қызғаны соншалық, өнімдер түске дейін сатылып кетті.

«Біз Қарқаралы ауданына қарасты Аппаз ауылынан келіп отырмыз. Жеке біздің шаруа қожалығынан 1 тоннадай ет әкелген едік. Саранның халқы етті жақсы алып жатыр. Бұл секілді жәрмеңкелер біз үшін, ауыл үшін үлкен көмек деп есептеймін. Себебі араға алыпсатарларды араластырмай, тікелей қала жұрттына өзіміз әкеліп сатқан бізге де, қала жұртшылығына да тиімді», - дейді жәрмеңке қатысушысы Жанкелді Қасым.

Күзгі жәрмеңкенің қызығы саудасында ғана емес, молшылығы мен берекесінде. Әсіресе, күз мезгіліндегі соңғы жәрмеңкелердің бірі болғандықтан және тиісінше қыз мезгілі де тақап қалғандықтан болар, жұртшылық ет өнімдерін көптеп сатып алып жатты. Әсіресе, ауылдық жерлердің етіне деген сұраныс жоғары болды. Жәрмеңкеге ауыл-аймақтардан арнайы алып келген ет өнімдерінің барлығы

дерлік түске дейін сатылып кетті.

«Мен өзім Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылынан келіп тұрмын осы жәрмеңкеге. Биыл екінші мәрте қатысып отырмын. Біз әкелген өнімдердің барлығы да жақсы өтіп жатыр. Әсіресе ет өнімдеріне деген сұраныс жақсы», - дейді тағы бір жәрмеңкеге қатысушы Нұрмын есімді шаруа иесі.

Сонымен қатар біз қала тұрғындарынан да жәрмеңке жайындағы ойларын сұрап білген едік. Жиналған бұқараның сөзінше, бірінші кезекте баға өте тиімді екен.

«Жәрмеңкенің боларын естіген соң, таң атысымен осында келуге қамдандым. Қазір нарықтағы баға күн сайын құбылып тұр. Сондықтан, қалтаға салмақ салмайтын жәрмеңке өнімдерінен көбірек алуға тырысып жатыр халық. Осындай жәрмеңкелер бізде жиі ұйымдастырылып тұрады. Әкімге, осыны ұйымдастырып жатқандарға, мына жәрмеңкеге арнайы келіп, өз өнімдерін қолжетімді бағамен сатып жатқан кәсіпкерлерге де рахметімізді айтамыз», - дейді қала тұрғындарының бірі.


Саудаға делдал араласса, баға да шарықтайды. Алыстағы ауылда жатқан ағайын азабын тартып өсірген малды арзанға алатын алыпсатарлар, қарапайым жұртқа қымбатқа саудалайды. Сөйтіп ортада жүріп пайда табады. Бұған шектеу қоюдың жалғыз жолы – ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін жүйелі ұйымдастыру. Сондықтан да осындай дәстүрлі ауыл шаруашылық жәрмеңкелері қалалық тұтынушылар үшін де, аграршылар, фермерлер, шағын және орта кәсіпкерлік өкілдері үшін де өте тиімді жол.

Жәрмеңке өткен алаңның өзінде көлік аялдайтын орын болмады. Қап арқалағандар да, арба сүйреткендер де – мез-мейрам. Қалай десек те, ел несібесінің еселенгені байқалды. Жәрмеңкеге келушілер керек-жарағын сатып алғаннан кейін шай мен ыстық тағамдардан ауыз тиді. Аумақта флюорографияның мобилді орталығы жұмыс істеді. Дәл осындай ауылшарушылығы жәрмеңкесі Ақтаста да ұйымдастырылды.



КРЕДИТТІК ТАРИХ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

2022 жылғы 1 қазаннан бастап заңнамаға түзетулер күшіне енді, оған сәйкес қарыз алушылар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беру және жаңарту мерзімдері өзгерді.



Бұл өзгерістер 2022 жылғы шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сактандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының күшіне енуінің нәтижесі болды. Мәселен, 2022 жылғы 1 қазаннан бастап кредиттік серіктестіктерді және коллекторлық агенттіктерді қоспағанда, ақпарат берушілер кредиттік бюроларға берілген жаңа қарыздар туралы мәліметтерді бір жұмыс күні ішінде, ал кредиттік тарих субъектілері туралы кез келген ақпаратты кейіннен жаңартуларды 10 жұмыс күні ішінде беруге міндетті. Бұрын олар ақпаратты айына екі рет – 15 жұмыс күні ішінде жаңартып отыратын.

Бұл ретте кредиттік бюроларға 10 жұмыс күні

ішінде:

- коллекторлық агенттіктерді;
 - тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке беретін не төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынатын, жүйеленген белгілерін Үкімет айқындайтын ДК немесе заңды тұлғаларды;
 - коммуналдық қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерді қоспағанда, барлық ақпарат берушілер мәлімет береді.
- Олар үшін кредиттік бюроларға ақпарат беру мерзімі кредиттік тарих субъектісіне қатысты кез келген деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап 30 күнді құрайды.
- Қазақстанда екі кредиттік бюро – Мемлекеттік кредиттік бюро (МКБ) және Бірінші кредиттік бюро (БКБ) жұмыс істейтінін еске саламыз, олар кредиттік тарихты қалыптастырады, бірақ

дербес кредиттік есептерге өзгерістер енгізбейді. Мұны ақпарат жеткізушілер, яғни банктер, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар және тауарларды кредитке немесе бөліп-бөліп сататын өзге де тұлғалар жасайды.

Сіз өзіңіздің жеке кредиттік есебіңізді:

- МКБ-дан – id.mkb.kz сайты арқылы;
- БКБ-дан – www.lcb.kz порталы және мобильдік қосымша арқылы;
- www.egov.kz электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы;
- тұрғылықты жері бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарында (ХҚО) ала аласыз.

Заңнамалық жаңалықтар кімге тиімді?

Ең алдымен, өзінің кредиттік тарихын үнемі қадағалап отыратын қарыз алушыларға тиімді. Олар жеке кредиттік есепте алаяқтық кредитті уақтылы тауып, дер кезінде оны даулауы мүмкін. Кредиттік тарихтағы ақпаратты даулау жөніндегі қызмет қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі www.fingramota.kz медиа порталында қолжетімді. Кредиттік тарихыңыздағы ақпаратты даулауға өтініш беру үшін өзіңіздің деректеріңізді арнайы нысанда: ЖСН және телефон нөмірін көрсетуіңіз керек. Өтініштерді өңдеу заңнамада белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Ақпаратты даулау туралы өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде және кредитордан алынған жауаптың негізінде өтініш берушіге кредиттік бюролардан тиісті жауап жіберілетін болады.

Жаңа түзетулер алдап соғу арқылы қазақстандықтардың дербес және төлем деректерін иемденіп, жалған кредиттер ресімдеуі жиілеп кеткен қаржы алаяқтарының әрекеттерінен қорғануға қосымша көмек болады. Бір адамның бірнеше кредиттік ұйымдардан бір мезгілде қарыз алу алаяқтық тәуекелі төмендейді. Ақпарат жеткізуші кредиттік бюро базасынан қарыз алушының қысқа мерзімде бірден бірнеше кредит ресімдегенін көріп, күдіктеніп, оған қарыз беруден бас тарта алады.

Сондай-ақ, кейбір қарыз алушылар бір күн ішінде банктер мен микроқаржы ұйымдарында бірден бірнеше қарыз ресімдей алатын. Нәтижесінде олардың борыш жүктемесінің коэффициенті заңнамада белгіленген шекті мәннен асып кететін. Банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешек және қарыз алушы үшін басқа да жағымсыз салдар туындайды.

Естеріңізге сала кетейік, борыш жүктемесінің коэффициенті (БЖК) – бұл қарыз алушының барлық өтелмеген кредиттері мен қарыздары бойынша төлемдердің оның ай сайынғы кірістеріне қатынасы. Кредиттік ұйымдардың БЖК-ны міндетті есептеу жөніндегі талапқа сәйкес, қарыз алушының барлық кредиттері бойынша ай сайынғы төлемдер оның ай сайынғы кірісінің 50%-нан аспауы тиіс. Бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, азаматтардың кредит алуға мүмкіндігі де соғұрлым аз болмақ және сәл қаржылық қиындықтар туындаса олардың қарызға бату ықтималы жоғары болады.

Төлемге қабілетсіз адамдарға кредит беруге жол бермеу үшін Агенттік БЖК-ны есептеуге қойылатын талаптарды күшейтті. 2022 жылғы 1 шілдеден бастап БЖК-ны есептеу кезінде пайдаланылатын қарыз алушының кірістерін анықтаудың 12 өлшемшартынан қарыз алушының кірісінің барын дәйекті растамайтын 6 көрсеткіш алынып тасталды.

Осылайша, қаржы нарығы мен қарыз алушыларды берілген қарыздар туралы жедел хабардар ету үшін кредиттік бюроларда ақпаратты жаңартуға қатысты жаңалықтар кредиттік ұйымдарға қарыз алушының төлемге қабілеттілігін бағалауға, кредитке өтінімді қараған кезде қарыз алушының борыштық жүктемесі туралы жаңа ақпаратты көруге және жаңа қарыз беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Fingramota.kz сайтымен бірге өз қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

Fingramota.kz

«НАРОДНОЕ IPO»: КАК ДЕЙСТВУЮТ ПСЕВДОБРОКЕРЫ

Совсем немного времени осталось до ожидаемого IPO «КазМунайГаза». В декабре 2022 года ФНБ «Самрук-Казына» планирует вывести акции оператора по добыче нефти и газа на фондовую биржу. И у населения Казахстана появляется возможность стать совладельцами компании, приобрести ее акции и немного на этом заработать. Мошенники тоже пытаются сорвать куш, но на доверчивости казахстанцев. Через назойливую рекламу в соцсетях они предлагают онлайн-услуги по покупке акций крупных казахстанских компаний якобы в рамках IPO, а получив деньги, исчезают навсегда. Как отличить настоящих инвестиционных посредников от лжеброкеров?

Что такое IPO?

IPO (Initial Public Offering) – первичное публичное предложение акций акционерного общества неограниченному кругу инвесторов путем размещения ценных бумаг на бирже. В результате IPO компания становится публичной в отличие от частной компании, акции которой обращаются вне биржи, отчетность – прозрачной, а выпущенные бумаги доступны для широкого круга инвесторов.

IPO государственных стратегических компаний, которые входят в «Самрук-Казына», будет проведено в рамках Плана приватизации на 2021-2025 годы. В ближайшие три года ФНБ «Самрук-Казына» планирует вывести на IPO акции некоторых компаний, находящихся в структуре госфонда. Примечательно, что эти ценные бумаги будут доступны рядовым казахстанцам. Но приобрести их граждане могут только через инвестиционных посредников, легально работающих на фондовом рынке Казахстана.

Кто такие лжеброкеры?

Это мошенники – отдельные лица или компании, имеющие признаки недобросовестной деятельности. У них отсутствует лицензия Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка на осуществление деятельности на рынке ценных бумаг.

Некоторые из них не являются резидентами Республики Казахстан, соответственно, казахстанский финрегулятор не ведет контроль и надзор за их деятельностью. Их офисы расположены не в нашей стране, а потому найти псевдоброкеров, и, тем более, вернуть украденные обманом деньги, правоохранительным службам довольно сложно. Новички-инвесторы доверяют свои средства таким компаниям, имеющим лицензию другой страны. Но важно понимать, что, независимо от того, фиктивная или реальная

лицензия представлена брокером, оказывать свои услуги в Казахстане они не имеют права.

На какие уловки идут мошенники?

Под предлогом осуществления брокерско-дилерской деятельности псевдоброкеры, представляясь работниками успешных и перспективных компаний, привлекают деньги граждан якобы в рамках предстоящего IPO.

От мошенников могут настойчиво поступать звонки с незарегистрированных номеров, электронные письма и сообщения со сканами поддельных документов, связанных с инвестированием в ценные бумаги. Злоумышленники пытаются заманить как можно больше доверчивых клиентов агрессивной рекламой, вводя в заблуждение граждан обещаниями стабильно высокой доходности. Их целевая аудитория – люди, которые хотят быстро и легко заработать с помощью инвестиционных чудо-платформ. Для пушей убедительности аферисты используют логотипы и названия крупных компаний, к примеру, «Казхтелкома», «КазМунайГаз», Kaz Minerals и других.

Таким образом, злоумышленники пользуются тем, что у начинающих инвесторов не хватает знаний и опыта. А в век цифровизации и возможности дистанционного заработка у них появилась возможность скрывать свое истинное лицо и оставаться недосыгаемыми.

